

НЕГЕ ЗҰЛЫМДЫҚ ҮНЕМІ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ?

Жохан 18, 19, 20

Тақырыбы: Иса - өмірдегі күрделі мәселелердің жауабы

Мақсаты:

- **Әрбір мәдениетке қатысты күрделі және әмбебап мәселелерге жауап беру жолында Киелі кітап арқылы түсінік беру.**
- **Осы сұрақтарға жауап ретінде тыңдаушыны Исаға бағыттау.**

7 бөлімнің 7-ші бөлімі
ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ КҮРДЕЛІ СҰРАҚТАР СЕРИЯСЫ
(Сұрақтар мен жауаптары бар оқиғалар)
МӘСІХШІЛІК РАДИО ДРАМА
«ТАРИХ ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ОҚИҒА»

МӘСІХТІҢ ӘЛЕМГЕ ҚЫЗМЕТІ

Авторы: Уильям Р.Флауерс
Редактор: Эмили Энн Рикард
Аға редактор: Доктор Арт Крискоу
Авторлық құқық © 2020

Өмір суын іздеп табу сеиясы
7-ші бөлім: Неге зұлымдық үнемі жеңіске жетеді?
Барлық құқықтар қорғалған

ДИРЕКТИВТІ АҚПАРАТ

КЕЙІПКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ: (дауыс сапасына назар аударылсын)

- **Әр кейіпкердің дауысы кез келген басқа кейіпкерден өзгеше болуы тиіс.**
- **Кейбір кейіпкерлер осы серияның бірнеше эпизодтарында кездеседі. Бір кейіпкер үшін бірдей дауыс қолданылсын.**

Томас: Баяндаушы, Исаның шәкірті (кемелденген ер адамның дауысы)
Філіп: Исаның шәкірті (кемелденген ер адамның дауысы)
Мариям: Шәкірттердің құрбысы (жетілген әйел дауысы)
Иса: Құдайдың Ұлы (кемелденген ер адамның жұмсақ дауысы)

Оқырмандар үшін ескертулер:

- Бұл радио **қойылымдар**. Барлық әрекеттер мен эмоциялар тек сөз арқылы жеткізіледі. Мәтінді оқу барысында асығыстық танытпаңыз; тыңдаушы бұл сөздерді тек бір рет естейтінін еш ұмытпаңыз; тиісті эмоцияларды көрсете отырып анық сөйлеңіз; барлық тыныс белгілерін мұқият қадағалаңыз (мысалы, үтірдің алдына сәл кідіріңіз, нүктелердің алдына үзіліс жасаңыз, леп белгілері бар сөйлемдерді күшейтіп оқыңыз, ал **қарамен** жазылған сөздерге ерекше назар аударыңыз).
- Сценарий бойынша барлық музыкалық (жуан/кіші шрифтпен белгіленген) репликаларды қадағалаңыз.
- Сценарий бойынша дыбыс әсерлері нұсқауларын (жуан шрифтпен белгіленгендерді) орындаңыз.
- Сценарий бойынша жақшада курсивпен белгіленген барлық (дауыстық нұсқауларды) орындаңыз.
- Киелі Жазбадан алынған дәйексөздер курсивпен, тырнақшалармен – "Уа, израилдіктер", содан кейін жақшада жазбаға сілтеме жасалады (Елшілердің істері 2:22). Бұл жерде Киелі Жазбаның жаңа халықаралық нұсқасы (1984) қолданылған. Киелі Жазба сілтемелері аудармашыларға көмек ретінде берілген және оларды сценарийдің бөлігі ретінде оқуға болмайды.

НЕГЕ ЗҰЛЫМДЫҚ ҮНЕМІ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ?

Киелі Жазбаға сілтеме:

Жохан 18, 19, 20

Музыка: Музыкалық әуен басталады, содан кейін біртіндеп бағдарлама жүргізушінің түсініктемелеріне көңіл аударылады.

Продюсерге ескертпе: Тақырыптық әуен 12-14 секундтан аспауы керек.

Бағдарлама жүргізушісі

«Тарих қойнауындағы оқиға» радио драмасына қош келдіңіздер.

Біз бірқатар күрделі сұрақтарға байланысты түрлі оқиғаларды жан-жақты зерттеген болатынбыз; бүгін біз сол сұрақтардың ішіндегі ең күрделісін қарастырамыз. Бүгінгі хабарымызда адамзат тарихын анықтайтын бес әмбебап сөзді зерттейтін боламыз, олар: Соғыс. Зорлық-зомбылық. Қудалау. Өшпенділік. Қысым.

Адамзат ерте заманнан бері күштілер мен әлсіздер арасындағы; қанышерлер мен олардың құрбандары арасындағы; үстемдікке ұмтылған тирандар мен олар үстемдік ететін кедей жандар арасындағы күрес. Қай жаққа қарасақ та біз үнемі жақсылық пен зұлымдықтың, мейірімділік пен қатыгездіктің арасындағы осынау құдіретті күрестің таңғаларлық дәлелдерін көреміз.

Біз әділдік орнап, зұлымдықтың тоқтатылуын қаласақ та, әр келешек ұрпақтан керісінше осының барлығының айқын көрінісіне куә болып, біз бұл ең қиын сұрақты дауыстап, қоюға мәжбүр болудамыз: Құдай шынымен де мейірімді ме, бәрін басқарушы ма? Неге зұлымдық үнемі жеңіске жеңе беретін сияқты?

Қымбатты досым, егер сізді бір кездері осы сұрақ толғандырған болса, онда менің сізге айтар жақсы жаңалығым бар: Көзіміз бен сезіміміз бізге не айтса да, Құдай шынымен де бақылаушы және зұлымдық әрқашан жеңе бермейді. Бірақ біз осы ең қиын сұрақтарға жауап іздей отырып, алдымен Құдайдың зұлымдықты ойлап таппағанын мойындауымыз керек; оны біз адамдар өз қолымызбен жасадық. Құдай басқаларға билік етуге жармаспайды; бұған біз ұмтылудамыз. Сондықтан зұлымдықты жеңеміз деген сұраққа жауап тапқымыз келсе, ең алдымен мәселенің шын мәнін аңғаруымыз керек, мәселе өзімізде екенін білуіміз керек. Дәлірек айтқанда, мінсіз және сүйіспеншілікке толы Құдайға біздің күнәкар болмысымыз қарсы екенін мойындауымыз керек.

Құдайдың Киелі Сөзіндегі оқиғалар мен адамдарға негізделген «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының соңғы әрі маңызды бөлімін тыңдау үшін бізге қосылуға шақырамыз

(Әуен: сахнаның өзгеруін көрсету үшін күшейіп, содан кейін саябырсынады)

Сахна өзгерістері әуенмен бейнеленетініне назар аударыңыз

1-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: түнгі уақыт, желдің есуі мен қара шегірткелердің дауысы)

Томас (баяндаушы): Менің атым Томас және мен Исаның шәкіртімін. Үш жыл бойы мен Оның соңынан ердім, ол ауылды аралап, келе жатқан Құдай Патшалығы туралы Ізгі хабарды уағыздап, жүздеген адамдарды әртүрлі аурулардан сауықтырды.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: жанып жатқан оттың сықырлаған дауысы)

Томас (баяндаушы): (күрсініп) Бірақ бұл біз Иерусалимге соңғы сапарымызды жасамастан бұрын болған оқиға. **(сабырлы дауыспен)** Ол кезде бұл жол бізді қайда апаратынын білмедім. Не болғанын түсінбей қалдым: Иса. . . Ол жақсы адам еді. Егер Ол тірі болғанында, мен Оған тағы бір сұрақ қояр едім: Неге? Неге тағы да...зұлымдық жеңіске жетті?

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: біз жақын жерден бұтақтардың сықырлағанын және артқы фонда үкінің дауысын естиміз)

Томас: (шошып) Кім. . . Бұл кім? Біреу бар ма?

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: Томас құлақ түріп тұр; бірақ біз тек түнгі дыбыстарды естиміз)

Томас: (тыныш дауыспен) Кешірім сұраймын. Содан бері біраз қобалжыдым. . . өйткені олар Исаны өлтірді. Біз мұнда қаланың үстіндегі зәйтүн тоғайында мекендеп жатқан едік, олар түн ортасында шамдар мен сойылдармен бізге шабуыл жасап, Оны ұстап алып, сүйреп әкетті. Петір олармен күресуге тырысты, бірақ... Ақырында бәріміз қашып кеттік, он екі адам жан-жаққа. Басқалардың не істеп жатқанын білмеймін, бірақ мен түні бойы осында, қаланың үстіндегі төбелерде жасырындым, аяқ қадамдарының дыбыстарынан қорқып, олар қайта оралып мені тұтқындап алатындарын күттім. **(тыныш дауыспен)** Бірақ олар келмеді.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: үкінің даусы)

Томас: Келесі күні таңертең жарық түскен кезде, жалғыз және әр дыбыстан қорқып, зәйтүн тоғайының қауіпсіз аймағынан шығып, әр жерде тұрған сарбаздардан жасырынып қалаға қарай бет алдым. Мен мұндай күш көрсетуді ешқашан көрген емеспін; Римдік сарбаздар көшенің әр бұрышында тұрды, ал басқалары гарнизонның айналасында қарауылдап тұрды, мен олар Исаны тұтқында ұстады деп ойладым.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: жақын жерден қайтадан бұтақтың сықырлаған дауысын естиміз)

Томас: (қорқып) Біреу бар ма?

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: Томас құлақ түруде, бірақ біз тек түнгі дыбыстарды естиміз)

Томас: (ақырын дауыспен) Мүмкін отты сөндіргенім жөн болар. Жоқ, жоқ, әйтпесе жабайы аңдар шабуыл жасайды деп алаңдайтын едім. **(өзіне-өзі)** Жүр, Томас! Түнгі дыбыстардан қорықпа! **(терең дем алады)** Мен қазір қайдамын? Иә, олар Исаны тұтқындап әкетті. Мен көшедегі әңгімелерді мүмкіндігінше құлақ түріп тыңдауға тырыстым, анық болмаса да, көп ұзамай Исаның діни билік тарапынан сотталып, римдіктерге өлім жазасына кесілгенін білдім. **(дауыстап)** Жаза! **(өз-өзіне)** Тшш! Абай бол, Томас. Абай бол.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: қайтадан үкінің даусын естиміз)

Томас: (сыбырлап) Оны римдік губернаторға апарды, ол Исаны айыптаудан бас тартты, олар оны Ирод патшаға жіберді, ол да оны айыптаудан бас тартты. Бұл хабарды естігенде сәл де болса үмітім жанып еді. **(Даусын сәл жұмсартып)** Бірақ сарбаздар Исаны билеушіге қайта апарған кезде, әйтеуір біздің халқымыздың дінбасылары – Құдайдың бұл жақсы, адал адамдары Исаны қарапайым қылмыскер ретінде өлім жазасына кесуді талап етті.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: Томас сәл кідіріп; бір сәт түнгі дыбыстарды ғана естиміз)

Томас: (сабырлы дауыспен) Олар дәл солай істеді. Олар Оны айқышқа шегеледі. Күн батқанда Иса өлді. Мен оны өз көзіммен көрдім. Қаншама жанды емдеген, шындықтан басқа ешнәрсе айтпаған, баршаға сүйіспеншілік пен жанашырлық танытқан бұл қайырымды, жомарт Адам жерлестерінің талабымен қатты соққыға ұшырап, азапталып, өлтірілді.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: Томас сәл кідіріп; бір сәт түнгі дыбыстарды ғана естиміз)

Томас: Олар Оның өлгеніне сенімді болған кезде, олар оның жансыз денесін айқыштан алып тастап, оны кебінге орап, қабірге апарып қойып есігін таспен бекітіп қойды. Ол өлді. Ол өлді, енді ештеңе бұрынғыдай болмайды. **(сәл кідіріп)** Мен қайда барарымды, не істерімді білмедім. **(Күрсініп)** Ал мен Иса жерленгеннен бері соңғы екі күнде басқа шәкірттердің ешқайсысын көрмедім. Олардың барлығы өз отбасыларына, бұрынғы кәсіптеріне оралған шығар деп ойлады. Үйіме! Ештеңе болмағандай үйіме қалай ораламын? Үш жыл бұрын мен өзім білетін ең керемет, ең мейірімді Адамды кездестірдім, ал қазір Ол жоқ. Зұлымдық тағы да жеңді.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: бұтақтар қайтадан сықырлай бастайды; Бұл жолы шу аяқ қадамдарының дыбысынан шығып тұр)

Томас: (қорқыныштан айқайлап) Кім? . . кім бұл? Менде қылыш бар, ант етемін...

Філіп: (сыбырлап) Тшш! Томас! Айқайлама! Бұл менмін, Філіп!

Томас: (сенімсіз, әлі қорқып) Філіп?

Філіп: (сыбырлап) Иә, менмін; Мен сені барлық жерден іздедім. Енді отты сөндіріп, көрінбей тұрғанда менімен кеттік.

Томас: Сіз мені іздедіңіз бе? Қайда барамыз?

Філіп: Басқаларға қосылу керек.

Томас: Қалған шәкірттерге ме?

Філіп: Иә.

Томас: Бірақ. . . Не үшін? Бар назарды өзімізге аудартамыз ғой?

Філіп: Жаңалық бар. Тезірек, Томас.

Томас: Жаңалық? Қандай жаңалық?

Філіп: Түсіндіруге уақыт жоқ. Отты өшіріп, менімен бірге жүр.

Томас: Жарайды онда. Маған біраз уақыт бер.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: Томас бір уыс жерді отқа лақтырған кездегі оттың сөніп бара жатқан дыбысы)

(Әуен: сахнаның өзгеруін көрсету үшін күшейіп, содан кейін саябырсынады)

АНТРАКТ

Бағдарлама жүргізушісі: Ең алдымен бізді тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Қазір сіздер «Тарих қойнауындағы оқиға» радио драмасын тыңдаудасыздар. Біздің көрінісіміз бірер сәтте жалғасатын болады.

Бүгін біз Құдайдың Киелі Сөзіндегі оқиғалар мен адамдарға негізделген «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының соңғы бөлімін тыңдайсыздар. Біздің бүгінгі драмамыздың басында Кемелді Ұстаз және Емші Иса тұтқындалып, айқышқа шегеленді, ал Оның шәкірттері жан-жаққа шашырап қашып кетті. Көшбасшысынан айырылған олар, кез келген сәтте Исаны өлтіргендер өздерін тұтқындауға келеді деп үрейлене күтіп жүрді. Шәкірттердің бірі Томас өзінің досы Філіппен қайта қауышқанда, Исаның жерленгеніне екі күн болды. Сонымен бүгін біз осы сериялар бөлімін аяқтаймыз және ең күрделі сұраққа жауап беретін боламыз: Егер Құдай мейірімді болса, онда неге Ол зұлымдықтың жеңуіне жол береді?

(Әуен: дыбыс әсерлері қайта қосылады)

3-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: түнгі уақыт – тыныш сыбырлаған дауысты; анда-санда қара шегірткенің дауысы мен иттің үрген дауыстарын естиміз)

Томас: (сыбырлап) Філіп. . . Бұл қандай жер?

Філіп: (сыбырлап) Бұл Жоханның досының жалға алған бөлмесі. Біздің қауіпсіздікте екенімізге сенімдімін. . . қазір.

Томас: (сыбырлап) Ал енді: маған қандай жаңалық айтқыңыз келеді?

Філіп: (сыбырлап) Күннің атуына қанша уақыт қалды деп ойлайсың?

Томас: (қорқып, ысылдап) Не?

Філіп: (сыбырлап) Күннің атуына; күннің атуына қанша уақыт қалды?

Томас: (сыбырлап) Қазір... біраз уақыт беріңіз; Біз қалаға кіргенімізде, сағат төрттен асып бара жатқан... Күннің ату кез келген сәтте болмақ.

Філіп: (сыбырлап) Иә! Мен де солай ойлаймын. Олар біз осылай сөйлеп отырғанда-ақ келіп қалулары мүмкін.

Томас: (сыбырлап) Кеттік, Філіп; Сіз кім туралы айтып тұрсыз? Және олар қайда болулары керек?

Філіп: Жақып пен Жоханның анасы мағдалалық Мәриям. Олар қабірге кетті.

Томас: (Даусын көтеріп) Не? Олар естерінен адасты ма?

Філіп: (сыбырлап) Тшш! Қатты сөйлеме, Томас!

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: сыбырлаған дауыстар кенет тоқтайды; Бір сәт еститініміз – қара шегірткелердің дауысы мен иттің үргені)

Томас: (сыбырлап) Кешіріңіз. Бірақ олар бейітке неге барды?

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: сыбырлау қайта жалғасады)

Філіп: (сыбырлап) Оның денесін бальзамдауды аяқтау үшін. Біз оларға бармауды ескерттік, бірақ олар барамыз деп өз дегендерінде тұрып алды.

Томас: (сыбырлап) Бірақ бұл сұмдық қой! Қабірді римдік күзетшілер мөрлеп, күзетуде емес пе?!

Філіп: (сыбырлап) Мен білемін. . .

Томас: (сыбырлап) Тіпті олар римдік күзетшілерді айналып өтсе де, олар қабірді мөрлеп тұрған тасты қалай жылжытады?

Філіп: (сыбырлап) Айтқаныңмен келісемін, Томас; шын мәнінде бәріміз солай ойладық. Бірақ әйелдер бізді тыңдамады. Олар Исаның біз үшін жасаған барлық істерінен кейін, ең азы — оны лайықты жерлеу екенін айтты. Біздің көмегімізбен немесе тіпті онсыз да болсын баратындарын айтты.

Томас: (ысылдап) Олар өлімге басын тігуде! Немесе одан да сорақысы, олар римдіктерге біздің осы жердегі жасырынған жеріміз туралы айтып, бәрімізді өлтірмейінше, тұтқынға түсіп, азапталатын болды ғой! Онда неге біз осында күтіп отырмыз? **(қатты дауыспен)** Бұл сұмдық!

Філіп: (сыбырлап) Тшш!

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: фонда сыбырлау кенет тоқтайды; бір сәт еститініміз – қара шегірткенің даусы мен иттің үргені; Сәлден соң алыстан әтештің шақырғанын естиміз)

Томас: (сыбырлап) Күн атты. Біз бұл жерден кетуіміз керек, Філіп. Дәл қазір.

Філіп: (сыбырлап) Жоспарлағанымыздай, әйелдердің қайтып келуін күтейік.

Томас: (сыбырлап) Бірақ...

Філіп: (сыбырлап) Біз оларсыз кете алмаймыз, Томас.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлері: олар бір сәтке тоқтайды; қара шегірткелердің дыбыстары басылады, құстар сайрай бастайды; біз әтештің қайта шақырғанын естиміз, содан кейін сыбырлау фонда ақырын жалғасады)

Томас: (күрсініп, сосын сыбырлап) Олай болмайтын шығар. . . бірақ олар қашан оралады? Әрине, олар өлтіріліп, қамауға алынбаса.

Філіп: (сыбырлап) Егер бәрі жақсы болса, екі-үш сағат ішінде келіп қалулары мүмкін. Енді күн атып барады, олар бейітке қарап, енді не істеу керектігін шешеді.

Томас: (сыбырлап) Сонымен. . . Ең жақсысы олар екі-үш сағаттан кейін оралады ма? Әзірше осында отырып күтеміз бе?

Філіп: (сыбырлап) Солай деп ойлаймын. . .

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: кенеттен, бірақ қатты емес, 3 рет есіктің қаққаны естіледі, сәл кідіріп, тағы бір рет есік қағылады; сыбырлаған дауыстар тоқтап, біз тек құстардың сайрағанын естиміз)

Томас: (сыбырлап) Бұл римдіктер болуы керек! Олар әйелдерді өлтіріп, артымыздан келді!

Філіп: (сыбырлап) Жоқ, жоқ; бұл біздің құпия мекеніміз! Біздің досымыз да болуы мүмкін!

Томас: (ысылдап) Немесе римдіктер әйелдерді өлтірмес бұрын олардан мәлімет алған болар! Есікті ашпа!

Філіп: (Даусын сәл көтеріп) Есікті аш!

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: ақырын аяқ қадамдарының дыбыстарын естиміз; есік ашылады; тез бөлмеге кіріп бара жатқан қадамдар; есік қайтадан жабылады)

Філіп: Мәриям! Неге тез оралдың?

Мәриям: *«Иемізді көрдім»* (Жохан. 20:18).

КІРІСТІРУ: (Дыбыс әсерлері: Бір уақытта сөйлеуге тырысқан барлық шәкірттердің күбір-күбір дауыстары естілді)

Томас: Не? Өз көзіңізбен көрдіңіз бе?

Філіп: Римдіктер қабірді ашып, денені көруге рұқсат етті ме?

Мәриям: Жоқ, жоқ! Біз Исаның тірі екенін көрдік! Мен Онымен сөйлестім және . . .

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: қатты шу басталып кететді)

Томас: Сіз онымен сөйлестіңіз бе!

Філіп: (Даусын көтеріп) Тыныш! Мәриям сөйлессін!

КІРІСТІРУ: (Дыбыс әсерлері: шудың дауысы басылады)

Філіп: (сабырлы дауыспен) Не айтып тұрсыз, Мәриям, сіз не... онымен сөйлестіңіз бе?

Мәриям: Біз қабірге келгенде, римдіктер кетіп, тас орнынан қозғалып кетіпті. Қабірге кірген кезімде, мәйіт болуы керек жерде ақ киінген екі адамның отырғанын көрдім.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: шу қайтадан басталады)

Філіп: (Даусын қатты шығарып) Азаматтар. . . сөзін аяқтасын!

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: шу басылады)

Мәриям: Олар маған «Қарындас, неге жылап тұрсың?», - деп тіл қатты, Мен айттым: — Біреулер Мырзамды алып кетіпті! Оны қай жерге қойғанын білмеймін» (Жохан. 20:13).

Томас: Исаның денесін біреу ұрлап кетті!

Мәри: Жоқ! Мен қабірден шығуға бұрылғанымда, қабірдің басында тағы бір адамды көрдім, ол маған дәл сол сұрақты қойды: «Қарындас, сен неге жылап тұрсың?» (Жохан 20:15), содан кейін Ол менің атымды атады.

Філіп: (алаңдап) Ол сенің кім екеніңді білді ме? Бірақ...

Мәриям: Ол: «Мәриям» деді (Жохан 20:16). Сол ғажайып еріндердегі есімді естігенде көзім ашылды. (қатты дауыстап) Бұл Иса еді! Ол өлгеннен қайта тірілген және Ол тірі!

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: бәрі бір мезгілде сөйлеп, айғайлағаннан шу қайта жанданады)

4-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: күндізгі ефон; фонда сайраған құстар мен желдің есуken дауысы)

Томас: (баяндаушы) Бұл жеті күн бұрын болды. Петір мен Жохан қабірге қайта келіп, мәйіттің бұдан былай жоқ екеніне көз жеткізді. Філіп және басқалары әйелдердің бізге айтқан оқиғасына сенді, бірақ мен сенбедім. **(сәл кідіріп)** Иса өлді, оны ештеңе өзгертпейді. Жақсылық жеңілді, жамандық тағы жеңді. Мен қаладан шығып, үйге оралдым және бір апта бойы отбасыммен бірге Исаны кездестіргенімді ұмытуға тырыстым. **(Күрсініп)** Бірақ содан кейін Філіп мені қайтадан тауып алып, Иерусалимге тағы бір рет оралуға көндірді. Ол маған тосын сый жасап, көңілім қалмайтынын айтты.

Філіп: Барасың ба, Томас?

Томас: Барамын. Мұнымен бір жолата нүкте қоюым керек.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: Томас орнынан тұрып, олардың баспалдақпен көтерілгенін естиміз; есік ашылады және жабылады; бөлмеген кірген дауыс; сырттағы даланың дыбыстары өшеді)

Томас: Мен бұл айтқандарыңның ешқайсысына сенбеймін, Філіп.

Філіп: Түсінемін.

Томас: Мәриям болсын, тіпті басқа адам болсын, не айтса да Иса өлді, Філіп, *«Мен Оның қолдарынан шегелердің орнын көрмесем, саусағыммен шегелердің орнын сипап, бүйіріндегі тыртығын қолыммен ұстамасам, Оның тірілгеніне еш сенбеймін»* (Жохан. 20:25).

Філіп: Есікті тексер, Томас, ол құлыптаулы ма?

Томас: Ол құлыптаулы. Енді не болмақ?

Філіп: (сабырлы дауыспен) Артқа бұрылып, өзің қарап көр.

Иса: (тыныш дауыспен) *«Сендерге амандық пен тыныштық болсын!»*. (Жохан 20:26).

Томас: (таңқалып) Ием! Сіз қалай...

(Әуен: Иса сөйлеген кезде фондағы әуен ақырын басталады)

Иса: *« Менің қолыма саусақтарыңды тигізіп қара, алақаныңды бүйіріме қой және сенімсіз болмай, сенетін бол!»*. (Жохан 20:27).

Томас: (қатты толқып) *« Ием менің, ... Құдайым менің!»* (Жохан 20:28).

(Әуен: Драмалық музыка күшейеді; содан кейін Тақырыптық музыканың қайталануы басталады; «Біздің Құдайға беретін жауабымыз» атты айдары кезінде бағдарлама жүргізушісінің пікірлерінде екпінді күшейту)

БІЗДІҢ ҚҰДАЙҒА БЕРЕТІН ЖАУАБЫМЫЗ

Бағдарлама жүргізушісі

Жамандық үнемі жеңетін сияқты, досым. Бірақ көздеріңіз не өмірлік тәжірибеңіз, сезімдеріңіз сізге не айтса да, қайғы-қасірет, қысым мен ашу мәңгілікке созылмайды. Тіпті зұлымдық өлімді де жеңе алмайды; Өйткені Иса өлімнен қайта тірілген және қазір Құтқарушымыз әрі Досымыз ретінде мәңгі өмір сүреді! Томас сияқты жүрегін өзгертіп, сенетіндер үшін Иса бізге мәңгілік өмір мен күнә мен зұлымдықты, қайғы-қасіретті, тіпті өлімді жеңуге уәде береді! Өйткені, Құдай сізді де, мені де мәңгілік махаббатпен жақсы көреді. Бірақ күнәларымыз бізді Құдайдан ажыратты. Мұның барлығын әділ де қасиетті Құдай біздің күнәларымыз кешірілуі үшін осындай шешімге барды. Бұл жол Құдайдың Тірі Сөзі және құрбандыққа шалынатын Тоқты Иса Мәсіх арқылы өтпек. Иса біздің күнәларымыз үшін құрбани болды. Ол өлгеннен қайта тіріліп, бүгінде тірі. Оның біздің өмірімізге ену, күнәларды кешіру және мәңгілік құтқару әкелетін күші бар.

Күнәлардың кешірілуі және мәңгілік өмір - Құдайдың бізге берген тегін сыйы. Біз ол үшін жұмыс істемейміз; оны сый ретінде аламыз. Кешірім мен мәңгілік өмірге ие болу үшін біз күнәларымыздан бас тартып, Исаға сенім артып, Оны Құтқарушы және Иеміз ретінде өмірімізге қабылдауымыз керек.

Мен Құдайға шын жүректен дұға етпекпін. Менің дұғамды мұқият тыңдаңыздар, сосын мен дұға еткен кезде, менен кейін қайталауға тырысыңыздар.

Уа, Құдай Ием, мен күнәкар екенімді білемін. Мен Исаның менің күнәларым үшін құрбан болғанына сенемін. Оның қайта тірілгеніне және бүгінде тірі екеніне сенемін. Енді мен күнәларымнан бас тартамын. Мен өзімнің Құтқарушым болатын және мені кешіретін Исаға ғана сенем аратмын. Мен Исаны өміріме Құтқарушы және Иеміз ретінде қабылдаймын. Осы күннен бастап мен Исаның соңынан еремін. Мені сүйіп, өміріме енгенің үшін Иеміз Исаға алғысымды білдіремін. Амин.

Енді менен кейін дауыстап қайталап дұға етіңіз. Бір уақытта бірігіп дұға етейік. Құдайға құлшылық етіңіз. Шын жүректен дұға етіңіз.

Уа, Құдай Ием, (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен күнәкар екенімді білемін. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен Исаның менің күнәларым үшін құрбан болғанына сенемін. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Оның қайта тірілгеніне және бүгінде тірі екеніне сенемін. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Енді мен күнәларымнан бас тартамын. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен өзімнің Құтқарушым болатын және мені кешіретін Исаға ғана сенем аратмын. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен Исаны өміріме Құтқарушы және Иеміз ретінде қабылдаймын. . (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Осы күннен бастап мен Исаның соңынан еремін. . (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мені сүйіп, өміріме енгенің үшін Иеміз Исаға алғысымды білдіремін. Аумин. . (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Құдайдың отбасына қош келдіңіз!

Біз Иса Мәсіхке Құтқарушымыз ретінде сенетін болсақ және өмірімізді Иеміз әрі Қожайынымыз ретінде Оған еруге арнасақ, Ол біздің сенуші ретінде өскенімізді қалайды. Құдайдың Киелі Сөзінде былай деп айтылған: *«Қайта, Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің рақымына кенеліп, Оны жақынырақ танып білуде өсе беріңдер! Оның ұлылығы қазір де, мәңгілікте де даңқтала берсін! Аумин!»* (Петр2. 3:18).

Рухани өсудің ең жақсы тәсілдерінің бірі – Құдайдың Киелі Сөзін күн сайын оқу. Өзінің Киелі Сөзі арқылы Ол бізге қалай өмір сүруге болатынын көрсетеді. Біз Оған не ұнайтынын білеміз. Біз сондай-ақ бізге зиян тигізетін қандай әрекеттерді болдырмау керектігін білеміз.

Құдайдың Киелі Сөзін күнделікті оқудан басқа, рухани өсудің тағы бір жолы бар – дұға ету. Біз Құдайдың Киелі Сөзін оқығанда, Ол бізбен тілдеседі. Ал біз дұға еткенде біз Құдаймен тілдесеміз. Біз әрқашан Оның алдында күнәларымызды мойындап, кешірім сұрауымыз керек. Иса Мәсіхке Құтқарушы және Иеміз ретінде сену біз енді ешқашан күнә жасамайтынымызды білдірмейді. Біз күнәсіз өмір сүруге тырысуымыз керек. Бірақ күнә жасағанда, біз Одан кешірім сұрауымыз керек. Біз күнделікті өмірімізде Оның басшылық етуін сұрап дұға етуіміз керек. Біз басқалар үшін дұға етуіміз керек. Оның ішінде отбасымыз бен достарымыз үшін. Бұған біздің жауымыз болуы мүмкін адамдар да кіреді.

Исаның соңынан еру ешқашан оңай болған емес. Сенуші адам Исаның ізбасары болғаны үшін жиі қудаланады. Басқалар бізді қудалап, Мәсіхке сенгеніміз үшін қиналып жатқанына таң қалмауымыз керек. Бұл туралы Иса былай деп айтты: *«Мына айтқан сөзім естеріңде болсын: «қызметшінің жолы қожайынынан үлкен емес». Күнәкарлар Мені қудаласа, сендерді де қудалайды. Олар Менің сөзімді ұстанды ма, жоқ, ендеше сендердің сөздеріңді де ұстанбайтын болады. Осының бәрін Менің атымды мойындағандарың үшін сендерге істейді. Себебі олар Мені Жібергенді танымайды»* (Жохан. 15:20-21).

Сүйіспеншілік пен кешірімділік біздің өмірімізді қудалау кезінде де сипаттауы керек. Біз ешқашан қудалауға ұшырағанда жалғыз болмаймыз. Құдай біздің әр бастан өткеріп жатқан қиындықтарымызды біледі және Ол әрдайым бізбен бірге. Ол бұл туралы былай деп айтты: *«Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да*

қалдырмаймын» (Евр. 13:5). Оның өмірімізде болғанның арқасында біз Жазба сөздерімен айта аламыз: *«Ием маған жар, мен қорықпаймын ешбір жайттан, не істей алады адам баласы маған?»* (Евр. 13:6).

Өмір сүріп жатқан әр күніңіз үшін Құдай сізге мол батасын берсін.

(Әуен: тақырыптық әуен эфир аяқталғаннан кейін күрт күшейеді және өшеді)

Хабар таратушыға, бағдарлама жүргізушісіне және режиссерге ескертпе

Егер бұл драма «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының бір бөлімі ретінде көрсетілетін болса, келесі бөлім Құдай туралы күрделі сұрақ туралы тағы бір драма болатынын көрсететін хабардың соңында «тыңдаушы белгісі» болуы керек.

СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ЖАУАПТАР

Төменде берілген сұрақтар мен жауаптар драма көрінісі көрсетілгеннен кейін пайдалануға арналған. Бұл әдетте драманы тыңдағаннан кейінгі тыңдаушыда туындауы мүмкін сұрақтар. Қойылатын сұрақтардың саны, әрине, драманың соңында қолжетімді эфир уақытының көлеміне байланысты болады. Сірә, барлық ұсынылған сұрақтарды пайдалану қажет емес.

Бұл айдарға екі адам қатысады: жүргізуші және оның көмекшісі. Көмекші сұрақтарды қояды, ал жүргізуші оларға жауап береді. Осы айдарды жоспарлау және жүзеге асыру бойынша бірнеше кеңестерге құлақ салсаңыздар:

- Сұрақ-жауап айдарын жүргізуші мына сөздермен бастауы керек: «Бүгінгі драмалық көріністі тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Енді Сіздер сияқты керемет тыңдаушыларымыздан осы драмалық көрініске қатысты туындаған сұрақтарға кезек берейік.
- Сұрақ-жауап айдары басталардан бұрын 3-5 секундтық кіріспе әуенін қосу керек.
- Сұрақ-жауап айдарының басында бағдарлама жүргізуші өзін атын атап таныстыруы керек. Содан кейін бағдарлама жүргізуші өзінің көмекшісінің атын атап оны да таныстыра кеткені жөн. Олардың есімдері бағдарламаның көркін қыздыра түспек.
- Жүргізушінің көмекшісі ретінде әйел адамды таңдаған дұрыс болар. Әртүрлі дауыстар (еркек пен әйел) тыңдаушыға жағымды, әрі бағдарламаға өзгешелік енгізуі мүмкін.

- Ал егер жүргізуші мен оның көмекшісі екеуі де ер адамдар болса, онда олардың дауыстары ұқсас болмағаны жөн. Мысалы, екеуінде де терең бас және т.б. болмағаны дұрыс болар. Бұл өте маңызды мәселе. Өйткені тыңдаушыға ақпарат жеңіл әрі түсінікті түрде жеткізілуі керек.
- Жүргізушінің көмекшісі сұрақ қойған адамның «есімін атамай» сұрақтарды қоя алады. Немесе жүргізуші мен оның көмекшісі: *«Мінекей, "адамның есімін атап" келіп түскен сұрағын»* қоя алады.
- Барлық сұрақтарды бір дауыс ырғағымен оқудың орнына, жүргізушінің көмекшісі өзінің дауысын қойылған сұрақтың мағынасына қарай өзгерткені дұрыс болар. Басқаша айтқанда, кейбір сұрақтар қатты алаңдаушылықты, кейбіреулері үрейді көрсетуі керек. Кейбір сұрақтарды оқыған кезде мысқылды, сенімсіздікті немесе тіпті ашуды көрсетуі мүмкін.
- Сұрақ-жауап айдары кезінде жүргізуші мен оның көмекшісі ара-тұра бір-бірінің есімдерін атау керек. Мысалы, жүргізушінің көмекшісі: *«Жүргізушінің есімін, мұнда шайтан мен азғыруға қатысты сұрақ бар екен. . .»* Немесе жүргізуші: *«Осы қойылған сұрағың үшін, көмекшісінің аты, алғыс білдіремін»* деп айтуы мүмкін. Немесе: *«Сұрағыңа рахмет, көмекшісінің есімі»*.
- Сұрақ-жауап айдары диалогтық сипатта болғаны дұрыс.
- Жүргізуші жанашырлықпен әрі мейірімдікпен тіл қатып, дәл сондай дауыс ырғағын қолдануы керек. Ол ешқашан қойылған сұраққа кемсіту мақсатында жауап бермеуі керек. Ол ешқашан қойылған сұраққа таң қалып немесе сасқалақтамауы керек. Ол тыңдаушының құлағына тыңдауға жағымды болатындай етіп тілдесуі керек.
- Жүргізуші барлық сұрақтардың жауабын «білгіш» ретінде көрінбеуіне өте сақ болуы керек. Ол Құдай Сөзін зерттеген ойшыл әрі ниеті дұрыс адам ретінде көрінуі керек. Ол шыншыл, әрі *«Мен бұл сұрақтың жауабын білмеймін»* деп айтудан қорықпауы керек.
- Жүргізушінің көмекшісі сұрақ қойғаннан кейін жүргізуші жауап бере бастағанға дейін араларында қысқа үзіліс болуы керек. Бұл үзіліс жүргізушінің жауабы қандай болуы керектігі туралы ойланып жатқанын көрсетеді.
- Келесі сұраққа көшу алдында жүргізуші сұраққа жауап бергеннен кейін қысқа үзіліс болуы керек. Бұл тыңдаушыға жаңа сұрақтың келіп жеткенін түсінуге көмектеседі.

- Бұл айдардың аяқталатынын жүргізушінің тыңдаушыға: «Бізді тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Бүгінгі сұрақтар мен жауаптар сіздерге пайдалы болды деп сенеміз», - деп айтқан сөздерімен көрсетуге болады.
- Айдардың аяқталғанын көрсету үшін 3-5 секундтық әуен қосылуы керек.
- Жүргізуші мен оның көмекшісі Сұрақтар мен Жауаптарды дауыстап оқу арқылы жаттығулары керек. Дайындық пен эфир арасында олардың сергітуін қамтамасыз ету үшін қажетті үзіліс болуы керек.

1. **Сұрақ:** Құдай зұлымдықты жаратты ма?

Жауап: Жоқ, Құдай зұлымдықты жаратпаған. Зұлымдық шайтан мен күнәнің нәтижесі.

2. **Сұрақ:** Дүниеде зұлымдық неге көп?

Жауап: Күнәнің кесірінен дүниеде зұлымдық көбеюде. Құдайдың Киелі Сөзінде бұл туралы былай деп жазылған: *«Адамның жүрегі бәрінен де алдамшы: (Еремия 17:9).* Адамдардың жүрегі күнәға толы. Тек күнә ғана дүниеде көп зұлымдықтарды таратып, тудыруда. Соғыс, тирания және қуғын-сүргіннің бәрі дүниедегі зұлымдықтың нәтижесі.

3. **Сұрақ:** Зұлымдық, қасірет пен зорлық-зомбылық мәңгілік бола ма?

Жауап: Құдайдың Киелі Сөзінде мұның бәрі Заман Ақырға дейін ғана болатыны айтылған. Бірақ бір күні Құдай араласып, бір сәтте зұлымдық пен қасіретті жоқ қылып жіберуі әбден мүмкін.

4. **Сұрақ:** Неліктен зұлымдық үнемі жеңіске жететіндең көрінеді?

Жауап: Біздің адами көзқарасымызбен қарасақ, зұлымдық үнемі жеңіске жетуде сияқты. Алайда барлығы Құдайдың бақылауында және ол адамзат тарихындағы оқиғаларды шарықтау шегіне, яғни зұлымдық жеңіліп, тыныштық пен сүйіспеншілік орнайтын уақытқа жақындатпақ.

5. **Сұрақ:** Не себептен олар Исаны өлтірді?

Жауап: Олар зұлым адамдар, жүректері қарайып кеткендіктен олар Исаны өлтірді. Бірақ, олар Оның өлімінің арнайы себебі барын білмеді. Иса бізді күнәларымыздан құтқару үшін өлді. Ол біз үшін Өзін құрбан етті. Ол біздің күнәларымыз үшін өлді. Бұл Оның біздің орнымызды басып қайтыс болғанын білдіреді.

6. **Сұрақ:** Иса шынымен де қайта тірілді ме? Ол мұны қалай істеді?
Жауап: Иә, Иса қайта тірілді. Құдайдың Киелі Сөзінде: *«Киелі жазбаларда алдын ала айтылғандай, Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін жанын құрбан етті. Осы жазбалардың тағзы алдын ала айтып кеткеніндей, Мәсіх қабірге қойылып, үшінші күні қайта тірілді»* (Қор 1. 15:3-4) делінген. Ол тіпті өлімге қарсы төтеп беретін күшке ие.
7. **Сұрақ:** Бүгінде Иса әлі тірі ме?
Жауап: Иә, Иса тірі. Ол: *«әрі Мәңгі Тірімін. Мен өлген едім, ал енді мәңгілік өмір сүремін. Өлімнің де, о дүниенің де кілттері Менде»* (Аян. 1:18). Егер сіз күнәларыңыздан бас тартып, Исаға Құтқарушыңыз ретінде сенсеңіз, Ол сізді кешіріп, мәңгілік өмір сыйын береді. Ол өзінің Киелі Рухымен келеді және сіздің өміріңізде өмір сүреді және сізге күн сайын көмектесетін болады.

Жазбалар Киелі Кітаптан алынған, ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НҮСҚА.
Авторлық құқық © 1973, 1978, 1984 Халықаралық Киелі кітап қоғамдастығы.
Zondervan Bible Publishers рұқсатымен пайдаланылады.
Мәсіхтің әлемге қызметі
Авторлық құқық © 2020, Барлық құқықтар қорғалған